

1933 жылдың қыркүйек айынан шығарылады / Газета выходит с сентября 1933 года

**ПРЕЗИДЕНТ**

## Реформаның ұштағаны: жасампаздық пен жаңғыру жолы

Барша қауымға белгілі, жалпы жұртқа жария бір ақиқат бар. Еліміз кейінгі бес жылдың бедерінде мүлде өзгеріп, билік құрылымынан бастап қоғамдық-саяси санаға дейін түбегейлі жаңғырып жатыр. Бұл жаңғыру батыл қадамдарға, байыпты шешімдерге табан тірейтіні сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған сол саяси бағдар жөнінде тарқатып айтқан жөн болар.



Сондай-ақ референдум аясында Парламенттің рөлін күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуға бағытталған шаралар қолға алынды. Бұл реформалар саяси жүйені тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға және халықтың билікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, демократиялық институттардың нығаюына ықпал етеді. Мемлекет басшысының саяси реформаларының тағы бір тармағы саяси партияларды тіркеуді жеңілдету болды. Бұл өзгеріс саяси аренада жаңа партиялардың пайда болуын жеңілдетіп, саяси әралуандыққа жол ашты.

**Әділеттілік – қоғамның жаңа қағидасы**

Мемлекет – аса күрделі құрылым. Оны реформалау және қандай да бір өзгеріске әкелу – қиынның қиыны. Мұны жүзеге асыру үшін халықты ұйыстыратын алып идея қажет екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген тұста қоғамның мұндай идеяға деген сұранысы аса жоғары еді. Президент ұсынған «Әділдік» феноменінің бірден ел идеологиясының тұтқасына айналуы – осының айғағы.

**Саяси институттар трансформациясы**

Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент лауазымын қолға алғаннан бері іске асқан саяси реформалардың түпкі мазмұны елдегі демократия институттарын дамытуды көздейді. Бұл – саяси жүйені жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға негіз болды.

Саяси реформалар туралы сөз қозғағанда Конституцияны өзгертуге бағытталған жалпыұлттық референдум туралы атап өту – заңдылық. Бұл ретте Президенттің өзгерісті әркім өзінен бастауы керек деген ұстанымы жалпыға бірдей үлгі болғаны анық. 2022 жылы енгізілген Конституциялық өзгерістердің басты жаңалығы – Президенттің өкілеттігін бір мерзіммен шектеу туралы шешім. Бұл «Әділдік» феноменінің нақты орындалғанын көрсетті.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі де айтарлықтай өзгеріске бет алды. 2021 жылы алғаш рет ауыл әкімдері тікелей сайлау арқылы сайлана бастағанын білесіздер. Бұл қадам жергілікті мәселелерді тиімді шешуге және азаматтардың өз өмірлеріндегі басқару үдерісіне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Саяси трансформацияның тағы бір маңызды бөлігі – Парламенттің рөлін күшейту туралы шешім. Парламенттің атқарушы билікті бақылау функцияларын күшейту арқылы заңнамалық органның ықпалы артты деуге толық негіз бар.

(Жалғасы 3-бетте)

**ЭКОНОМЯ ВОДУ, РАЗВИВАЯ АГРАРНЫЙ СЕКТОР ЭКОНОМИКИ**

## Влагосберегающие технологии: 80 % стоимости субсидирует государство

В аграрном секторе экономики Казахстана особое внимание уделяется применению влагосберегающих технологий. Для поддержки данных процессов наше государство пошло на беспрецедентный шаг – субсидирование 80% стоимости. Успешно внедряют эти технологии и в Карасайском районе. Об этом нам рассказал руководитель районного отдела сельского хозяйства Сырым Жаркымбаев.



Он также пояснил, что в целом по району влагосберегающие технологии планируются внедрить на площади 2 410 га. Причем, по 1257 гектарам руководители крестьянских хозяйств и сельхозформирований уже заключили договора с компаниями, занимающимися производством и внедрением данных технологий. Если под капельное орошение планируется отвести 1420 га, то дождевальными установками, которые также относятся к влагосберегающим технологиям, будет охвачена одна тысяча гектаров.

По словам Сырыма Ақылжановича, системы микро-капельного полива помогают автоматизировать и упростить процесс орошения. При данном способе вода подается в корневую зону растений в буквальном смысле «по капле», что способствует равномерному увлажнению почвы, а также экономии воды до 70%.

Другой важный момент заключается в том, что при помощи капельного орошения растения получают оптималь-

ное количество влаги на протяжении всего вегетационного периода. Уже это обеспечивает интенсивное дыхание корней и способствует их активному развитию.

Опять же удобрения в корневую зону вносятся вместе с поливной водой, благодаря чему происходит более быстрое и интенсивное поглощение питательных веществ. Кроме того, уменьшается риск заболевания растений, так как не происходит намочения вегетативной массы и плодов. Интересно и то, что такое орошение можно осуществлять даже во время солнцепека.

Добавим к этому, что капельное орошение предотвращает распространение сорняков, так как зона между рядами остается сухой. Оно также дает возможность ухаживать за растениями, скажем, опрыскивать их или обрабатывать почву, собирать урожай в любое время – как до или после, так и во время орошения.

Немаловажно и то, что система капельного орошения может применяться на склонах, на участках со сложным рельефом. При этом она не требует высокого давления воды в трубопроводе, что позволяет сэкономить затраты на насосных агрегатах.

Вместе с тем система автоматического капельного полива позволяет регулировать глубину увлажнения, а также количество, качество и периодичность орошения. Кроме того, она обеспечивает высокие показатели урожайности и качества плодов.

По словам другого нашего собеседника – рабочего ТОО «Агрофирма

Керуен» Эдуарда Апалькова, обязательным условием для бесперебойного функционирования системы является фильтрация воды. Непосредственно здесь предусмотрены восемь очистительных фильтров – по четыре с одной и другой сторон большого насосного оборудования. Все они синего цвета. Также имеются специальные емкости красного цвета, в которых удобрения растворяется в воде. Уже они размещены в системе перед фильтрами.

Кроме того, мы смогли увидеть довольно большой бассейн-накопитель, огороженный колочей проволокой, чтобы не допустить к нему детей и домашних животных. В него постоянно поступает вода из артезианской скважины. Отсюда по трубам, закопанным в землю на глубине 50 см, чтобы их не повредила трактор или другая техника, она направляется в сады – для полива деревьев. Делается это автоматически. Но не исключено и ручной труд, поскольку время от времени рабочим предприятия необходимо проверять, как идет полив, нет ли смещения трубопроводов или другого сбоя.

По словам Сырыма Ақылжановича, влагосберегающие технологии в районе активно используют ТОО «КазНИИ земледелия и растениеводства», СПК «Жетысу», ТОО «Еңбекші-Агро», КХ «Есимова», а также многие другие крестьянские хозяйства и сельхозформирования. В связи с субсидированием вложенных затрат, ростом урожайности и рядом других положительных факторов их внедрение становится экономически выгодным. Значит, эта работа будет продолжаться.

**Танзия МУХТАРОВА**

Чтобы увидеть всё наглядно, вместе с ним мы побывали в яблоневых садах ТОО «Агрофирма Керуен». Следует сказать, что данное предприятие действует с 2009 года. Возглавляет его Тимур Асминкин. На собственных садах здесь выращивают яблоки разных сортов для дальнейшей реализации и переработки в экологически чистую продукцию – соков прямого отжима, повидла, варенья с торговой маркой «Vitamina». Немаловажно и то, что на предприятии имеется большое фруктохранилище, которое помогает хранить выращенную в своих садах продукцию.

На сегодняшний день их площадь составляет здесь 123 гектара, а количество растущих на ней плодовых деревьев – 128 000. Их сорта – Старк Эрлист, Айдаред, Старкримсон, Голден Делишес, Ред Делишес, Гала, Фуджи, Гренин Смит. Особенность этих садов в том, что они оснащены влагосберегающей системой капельного орошения, произведенной в Турции.

Стоит отметить, что влагосберегающие технологии предприятие использует вот уже семь-восемь лет, а нынеш-

ней весной здесь провели работы по их обновлению – по причине износа.

– В настоящее время вопрос о том, нужно ли применять капельное орошение или нет, уже не стоит, – прокомментировал Сырым Ақылжанович. – Напротив, важно продумать, как это сделать максимально правильно, быстро и недорого, поскольку от такого рода шагов зависит ряд факторов, в том числе высокая урожайность, экономия воды, энергоресурсов, времени, но самое главное – снижение себестоимости продукции и, как следствие, увеличение прибыли. Первое время многие хозяйства старались использовать израильскую технологию капельного орошения, но, как оказалось, она является одной из самых дорогих. К примеру, её стоимость составляет 1 млн 600 тыс. тенге на гектар. На втором месте – турецкие технологии. Уже их стоимость – 1 млн 200 тыс. тенге на гектар. Самые же доступные по цене – китайские технологии капельного орошения. Уже их стоимость составляет 1 млн тенге на гектар. Важно отметить, что государство будет субсидировать 80 % от вложенных в их приобретение средств. Значит, использование влагосберегающих технологий – дело выгодное.

**БӨРЕКЕЛДІ**

## Танымал хирург – «Алтын скальпель» иегері

«Денсаулық – баға жетпес байлық» десек, адам жанының арашасы болып табылатын дәрігерлердің қоғамдағы орны ерекше. Олардың ерлікке пара-пар еңбегі расымен де елеңге, мактануға тұрарлық екен сөзсіз. Таяуда елімізде аталған маңызды мамандық иелерінің кәсіби мерекелері аталып өткен еді. Оның аясында Карасай аудандық Мәдениет үйінде салтанаты шара ұйымдастырылып, медицина қызметкерлеріне құрмет көрсетілді.

Мерекелік кеш барысында жемісті еңбек етіп жүрген карасайлық ақ желенділер Алматы облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Алматы Тұрысбекулының Құрмет грамотасымен және аудан әкімі Жасұлан Естеновтың Алғыс хаттарымен марапатталған еді. Олардың қатарында танымал, өз ісінің маманы атанған кәсіби хирург, Карасай клиникалық копбейінді орталық аудандық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Максим Стадников та болды. Анығырақ айтқанда, кәсіби маманға хирургиядағы тың жетістіктерге жеткен дәрігерлерге берілетін ең жоғары марапат «Алтын скальпель» халықаралық сыйлығы табыс етті.

Айта кетейік, Максим Александрович бүгінде өзі еңбек етіп жүрген аудандық аурухананың



перзентханасында 1982 жылы дүниеге келген. Қаскелең қаласында орналасқан В.Г. Белинский атындағы меткептің түлегі. 1999 жылы Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне оқуға түскен.

Жоғарғы оқу орнын тәмамдаған кейін алғашқы жұмыс орны ретінде өзі туып-өскен Карасай жеріндегі орталық ауруханасын тандаған. Сөйтіп, ол 2006 жылдың бірінші маусымында аурухананың хирургия бөліміне қатардағы хи-

рург болып орналасқан. Кейіннен өзінің еңбекқорлығы мен байыпты мінезін арқасында хирургия бөлімінің меңгерушісі атанды.

Жұмыс істеп жүріп, өз біліктілігін де арттыруға көңіл бөлуді ұмытпайтын Максим Стадников Литваның ең үлкен қалаларының бірі – Каунаста білім алуға барып, 2008 жылы кардиохирургия бойынша оқуын тәмамдаған. Кейіннен сол кездері орталық аурухананы басқарған бас дәрігер Мәулен Малжадаровтан онкология, эндоскопиялық хирургия және тағы да басқа бағыттар бойынша тәжірибе жинақтап. Бұған қоса магистратураға түсіп, «денсаулық сақтау менеджменті» мамандығын алып шыққан.

Тәжірибесі мен біліктілігін шыңдауының арқасында ол соңғы төрт жылдан астам уақыт Карасай клиникалық копбейінді орталық аудандық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етіп келеді.

Аталған аурухананың 18 жылдық еңбек өтілі кезінде медицина саласының белді хирургі еселеі еңбегінің арқасында көптеген әл үстінде жатқан адамның өмірін сақтап қалып, қауіпті ауруларынан айығуға көмектесіп келеді.

**Ақтоғы МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ.**

**ТАҒАЙЫНДАУЛАР**



«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына және Карасай ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясының 2024 жылғы 13 маусымдағы қорытынды отырысының №1 хаттамасы негізінде Машрап Бақытжан Абутрапулы Карасай ауданының құрылыс бөлімінің басшысы лауазымына 2024 жылдың 14 маусымынан бастап аудан әкімінің №34 ө/ж/к өкімімен тағайындалды.

Бақытжан Машрап – Қаскелең қаласының тұрмасы. 1995 жылы дүниеге келген. 2017 жылы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясын «құрылыс» мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолын 2017 жылы Карасай ауданының құрылыс бөлімінде «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша практикант болып бастаған.

Одан кейінгі атқарған қызметтері төмендегідей: 2018-2021 жылдары – Карасай ауданы құрылыс бөлімінің бас маманы; 2021-2022 жылдары – Карасай ауданы құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы; 2023-2024 жылдары – Алматы облыстық құрылыс басқармасына қарасты коммуналдық және ауылшаруашылық нысандарының құрылысы бөлімінің бас маманы; 2024 жылдың ақпан-сәуір айларында – Карасай ауданы құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы.

2024 жылдың 1 сәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейін Карасай ауданы құрылыс бөлімі басшысының міндетін атқарушы болып қызмет атқарды.



«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына және Карасай ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясының 2024 жылғы 13 маусымдағы қорытынды отырысының №1 хаттамасы негізінде Ибатжан Ислам Бауржанұлы Карасай ауданының кәсіпкерлік бөлімінің басшысы лауазымына 2024 жылдың 14 маусымынан бастап аудан әкімінің №33 ө/ж/к өкімімен тағайындалды.

Ислам Бауржанұлы 1997 жылы Карасай ауданы Райымбек ауылында дүниеге келген. 2018 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін «жергілікті және мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша бакалаврды тәмамдаса, 2020 жылы аталмыш оқу ордасында дәл осы мамандық бойынша магистр дәрежесінде білім алған.

Еңбек жолын 2018 жылы «Ақкорд СПИК» ААҚ-ның материалдық жабдықтау бөлімінің жабдықтаушы инспекторы болып бастап, 2019-2020 жылдары аталмыш мекеменің материалдық жабдықтау бөлімі басшысының орынбасары лауазымында еңбек етті.

2020-2023 жылдары Карасай ауданы Райымбек аудылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, бас маманы болып жұмыс істеді.

2023-2024 жылдары Райымбек аудылдық округі әкімінің орынбасары ретінде жауапты қызмет атқарды.

Ал 2024 жылдың мамырынан бастап осы уақытқа дейін Карасай ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі бөлімінде бас маман болды.